ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Пульс Сайрама» газетінің редакторы, тәжірибелі журналист, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, қадірлі әріптесіміз Фарида Гибадулина 61 жас зейнет жасына толып отыр. Фарида – қаламы ұшқыр, өмірлік ұстанымы айқын, кәсібіне адал, талай жылдық еңбегімен оқырманның құрметіне бөленген қарымды қаламгер. Мінезінің байсалдылығы, кісілік келбеті, әріптестерге деген ізеті мен жан-жақты біліктілігі – көпке үлгі.

Құрметті Фарида ханым!

Сіздің тәжірибеңіз бен даналығыңыз, еңбегіңіз бен ізгілігіңіз әлі талайға бағыт-бағдар боларына сенеміз. Алдағы күндеріңіз шаттыққа, отбасыңыз амандыққа, жүрегіңіз нұрға толсын. Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, шығармашылық шабыт тілейміз! Жаңа жасыңыз құтты болсын.

Зиялылық өнеге гой Сіздегі,
Айқындалған журналистік іздері.
Деніңіз сау, аман болып отбасы-
Орындалсын армандардың тізбегі.

Құрметпен «Мәртөбе» газетінің ұжымы.

▶ Жемқорлық – жегі құрт

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 22-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Аталған заңның басым бағыттарының бірі - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу болып табылады.

Осылайша заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі негізделген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған қызметті жүзеге асыратын жедел-тергеу бөлімшелері.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, мемлекеттік кіріс, әскери полиция органдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - біздің ортақ борышымыз. Сол себепті әр адам, егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар болса, өзі қызметкері болып табылатын мемлекеттік органның не ұйымның басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға хабар беруге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көмек көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

О. САДИКОВА,
Сайрам аудандық қазынашылық басқармасының бас маман бас қазынашысы.

▶ 101 ескертеді

ГАЗДАН УЛАНУ

Көп жағдайда газдан улану көмірмен немесе газбен жағылатын пештерді немесе қазандықтарды дұрыс пайдаланбаудан туындайды.

Адамға дер кезінде көмек көрсету үшін мұндай улануды негізгі белгілерінен хабардар болу қажет. Ауаның құрамында 0,08% көміртекшқыл газы араласқан кезде адамның басы ауырып, тұншығу белгілері сезіліп, улануы мүмкін. Көміртекшқыл газының концентрациясы 0,32% дейін жоғарылаған кезде сал ауруының белгілері байқалып, есінен тану жағдайлары болады (30 минуттан кейін адам өледі).

Концентрация 1,2% асқанда 2-3 тыныс алудан кейін адам есінен танып, кеміде 3 минуттан кейін өлімге әкеледі.

Газдан улану кезіндегі көмек

Мұндай жағдайда зардап шегушіге дәрігерге дейін көмектің дұрыс көрсетілуі өте маңызды. Ол үшін алдымен уланған адамды таза ауаға шығарып, аяғын сал көтеріңкі күйде жатқызып, мүсәтір спиртін иіскетіңіз.

Егер адам есін біліп жатса, оған тыныштық және ұйқысыз өттегі қажет, мысалы газетпен желпуге немесе желдеткіш қосуға болады. Ал зардап шегуші дем алмай жатса, алдымен тыныс алу жолдарын тазалап алып жасанды дем беру қажет. «Жедел жәрдем» қызметін шақырыңыз. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда зардап шегушіні емдеу мекемесіне жеткізуге тырысыңыз.

Есінде болсын, уланған адамды қауіпті газ концентрациясы бар жерден алып шығу кезінде өзіңіз бірге уланып қалмау үшін бірінші кезекте өз қауіпсіздігіңді қамтамасыз етуіңіз қажет. Ол үшін тез әрекет етіп, қол орамалы немесе даяқ арқылы тыныс алу керек.

Е.ТАСТАНБЕК,
Ордабасы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры.

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Өрт қауіпсіздігінің негізгі қағидаларын сақтай отырып, сіз тұрғын үй мен мүлікті ғана емес, сонымен бірге өзіңіздің өмірінізді сақтайсыз. Егер үйіңізде апат болған жағдайда, өрт сөндіру және жедел авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің 101, ал құтқару қызметінің 112 нөміріне хабарласыңыз.

Өрт көбінесе тұрғын үй секторында орын алады. Сондықтан тұрғындарды өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырамыз. Өрттің ең көп таралған себептерінің бірі тұрмыстық техника мен газ жабдығының дұрыс жұмыс істемеуі.

Есіңізде болсын, газдың шығуы не ұмытып кеткендіктен, не газ құбырларының жабдықтары мен газ құрылғыларындағы ақаулардың нәтижесінде, сондай-ақ газ баллондарының дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан орын алады. Газды, электр қуатын, жылыту құралдарын және басқа да тұрмыстық техниканы мұқият пайдалану өрттің алдын-алу үшін қажетті шаралар болып табылады.

Сіздің қауіпсіздігіңіз өз қолыңызда.

А.ЖУМАБЕКОВ,
Шымкент қаласы, Абай аудандық төтенше жағдайлар басқармасы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары, азаматтық қорғау майоры.

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҰМЫТПАҢЫЗ

Өрт – тілсіз жау. Оны алдынала болжап білу мүмкін емес. Күнделікті өмірде өрттен жарақат алған не қаза болғандарды естіп, аландайтынымыз рас. Өртенген заттың иісі немесе түтінің пайда болуы – басталған өрттің алғашқы белгісі. Ең диспетчеріне қоңырау шалып, мекен-жайыңызды айтыңыз.

Егер, сіздің үйіңіз өртке оранса, үйдің ішінде қалмауға тырысыңыз. Мүмкіндік болса, тоқ көзін, газды өшіріп, есік-терезені жабыңыз. Есікті мұқият бітеп жауып, сыртқа шығып, көршілерге де хабарланыз. Үйден шыға бере баспалдақта сақандай өрт болып жатпағанына көз жеткізіңіз. Егер, міндетті түрде тысқа шығатын болсаңыз, есікті ақырындап ашыңыз, әйтпесе, оттегінің әсерінен жалын шарпып өтуі мүмкін. Ашық тұрған терезе оттегінің тұтанып, өрттің өршуін ұлғаюда. Су алуға мүмкіндігіңіз болса, есік-терезені, айналаңызды дымқыл шүберекпен сулап, сүртіп отырыңыз.

Егер адамның үстінде киім өртеніп жатса, оның үстіне жамылғы тектес заттың алдыңыз. Ал егер, сіздің үстіңіз өртеніп жатса, жерге жатып, әрі-бері аунаңыз. Түтінді ғимаратқа алғанда міндетті түрде дымқыл, бірнеше рет бүктелген мақта-мата тарғыс шүберекпен мұрынды басып кіру керек. Ғимаратқа кірмес бұрын, басыңыздан бастап суды қалың матаны жамылып кіру қажет. Бірақ, арнайы шектеусіз алуға болмайтынын естен шығармаңыз.

М.БЕКБОЛАТ,
Шымкент қаласы, Тұран аудандық төтенше жағдайлар басқармасы мамандандырылған жасақ бастығының көмекшісі, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ «ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес 18.12.2025 жылдан бастап 10 жұмыс күн ішінде «Түркістан облысы Сайрам ауданындағы Манкент құм-шағал кен орнында өндіру операциясының салдарын жою» жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтедітіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакеті ақпараттық жүйеде орналастырылған.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйеде қабылданады. https://ndbecology.gov.kz/

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ «ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ» ЖШС 2025-2034 жылдарға арналған «Түркістан облысы Сайрам ауданындағы Манкент құм-шағал кен орнындакен өндіру жұмыстарының жоспарыбойынша қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін нормативтік құжаттар» бойынша ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукент а.о., Ақсу а., ЖІБЕК ЖОЛЫ к., 172 (әкімшілік ғимараты). Өткізу уақыты: 08.01.2026 ж.сағат 10:00.

Конференцияға қосылу https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Әсер ету аумағы: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукент а.о., географиялық координаттары: 42°28'9.25» с.б. 69°49'32.85» ш.е.

Ескертулер мен ұсыныстарды ҰДБ ақпараттық жүйесіне(ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО сайтына(https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar) жолдауға болады. ЖАО Түркістан облысы, Түркістан қаласы, ТРАССА КЕНТАУ, 2, 10, e-mail: a.erkeban@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

Бастамашы: «Производственная компания «Шымкентдорстрой», САЙРАМ АУДАНЫ, МАНКЕНТ А.О., МАНКЕНТ А., Бірлік көшесі, 45 үй, БСН 931240000687, тел. +7(725)-253-07-24. pkshds@mail.ru. Директор МЫНЖАСАРОВ НУРБОЛ.

Орындаушы: «Эко-Лимитед» ЖШС Тараз қаласы, КАРАСУ мікрошағын ауданы, 16 үй, БИН170440027019 басшысы Сапкенов Р. Т. тел.: +77021573190